

7M03211- Халықаралық журналистика

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

**білім беру бағдарламасына
сараптамалық қорытынды**
(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі Отандық медиакеңістіктің әлемдік ақпарат алаңындағы әлеуетін арттыруда халықаралық журналистика мамандарын даярлау өте өзекті. Халықаралық журналистика магистратура білім бері бағдарламасын бітірушілер медианарықта сұранысқа ие болары сөзсіз. Өйткені дәл қазіргідей геосаяси жағдай күн сайын құбылып тұрған уақытта жаһандық жаңалықтарды талдау білетін білікті мамандар аса қажет. Осы орайда білім беру бағдарламасының мазмұны мен бағыты айқын.

Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметті реттейтін мынадай нормативтік құжаттарға: ұлттық біліктілік, салалық біліктілік, кәсіби стандарттарға сәйкес келеді. Әр пәннің оқыту нәтижесі нақты көрсетілген. Ғылыми-педагогикалық бағытта дайындалатын магистрлердің зерттеу, гипотеза жасау секілді кәсіби құзыреттіліктері айқын көрсетілген.

В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі

Халықаралық журналистиканың басты міндеті – мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асыруға ақпараттық қолдау, сондай-ақ әлемдік медиакеңістікте мемлекеттің медиаобразын яғни оң имиджін дамыту. Осы орайда білім беру бағдарламасында жоспарланған геосаясат және геэкономика, дипломатиялық қарым-қатынас және журналистика, мемлекеттің медиаобразына қатысты пәндер өте дұрыс жоспарланған. Халықаралық деңгейдегі ақпарат құралдарына осындай кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген мамандар аса қажет.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Білім беру бағдарламасында зерттеу практикасына 12 кредит бөлінген. Зерттеу практикасын халықаралық магистранттар шетелдік ақпарат құралдарында өткізгені дұрыс. Диссертациялық жұмысының тақырыбына сай зерттеу мемлекеттің сыртқы және ақпараттық саясатына тиімді болар еді.

3. Қорытынды:

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды

Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

1) Егембердиев Исах Дүйсембаевич,
«АЙҚЫН-ЛИТЕР» ЖШС директоры

(Аты-жөні, лауазымы)

(колы)

(күні)

